

ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ (СИЛЛАБУС)

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ

Мазмұны

1. Жалпы ақпарат	3
1.1. Курс атавы	3
1.2. Силлабусты әзірлеушілер	3
1.3. Кафедра	3
1.4. Білім беру бағдарламасы	3
1.5. Жалпы кредит саны	3
1.6. Оқу түрі	3
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	3
1.8. Оқыту тілі	3
2. Іске асыру сипаттамасы	3
2.1. Модульге шолу	3
2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы	4
2.3. Құзыреттіліктер, оку нәтижелері және бағалау критерийлері	4
2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету	6
2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз	8
2.6. Іске асырудың балама әдістері	11
2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі	11
2.8. Білім берудің инклюзивті жағдайларын қамтамасыз ету	19
3. Отпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс.....	20
3.1. ББ-дағы отпелі тақырыптарды іске асыру	20
3.2. Пәнаралық байланыс	20
4. Әдебиеттер және ресурстар	20
4.1. Негізгі әдебиеттер	20
4.2. Қосымша әдебиеттер	21
4.3. Өзге ресурстар	21
5. Қосымша ақпарат	21
5.1. Қосымша ақпарат	21
6. Курс саясаты	21
 Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері	22
 Қосымша 2. Курс құрылымы	22

1. Жалпы ақпарат

1.1. Курс атауы	Инклюзивті білім беру ортасы
1.2. Силлабусты әзірлеуші/лер	<p>Жетекші университет</p> <p>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті</p>
1.3. Кафедра	Арнайы педагогика
1.4. Білім беру бағдарламасы	6В01- Педагогикалық ғылымдар
1.5. Жалпы кредит саны	3 академиялық кредиттер (90 сағат): 30 байланыс сағаты, 60 СӨЖ сағаты
1.6. Оқу түрі	Күндізгі оқыту
1.7. Уақыты, орны және тіркеу	оқу жоспарына сәйкес, офис регистратор
1.8. Оқыту тілі	Қазақша, орысша

2. Іске асыру сипаттамасы

2.1. Модульге шолу

Бұл курс педагогикалық құзыреттіліктердің келесі салаларын дамытуға бағытталған:

- Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттер.
- Педагогтердің жұмыс ортасы үшін құзыреттіліктер саласы.

Болашақ мұғалімдер білім алушылардың оқу/оқыту үдерісінде әртүрлілігін ескереді және олардың өмір сүру және оқу жағдайларын ескере отырып, олардың әл-ауқатын психологиялық және этикалық тұрғыдан қолдай алады.

Модульдің атауы	Акад. кредиттер
МОДУЛЬ X	
Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация түжырымдамалары	4
Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары	4
Балалардың жас ерекшелік және физиологиялық даму ерекшеліктері	3
Инклюзивті білім беру ортасы	4
Оқытуды жоспарлау және оқытуды дербестендіру	5

2.2. Курстың қысқаша сипаттамасы

Бұл курста болашақ мұғалімдер оқу процесінде оқушылардың әртүрлілігін түсінеді және оларды оқу жағдайында ескереді. Болашақ мұғалімдер тиісті

ақпараттық-коммуникациялық технологияны, оқу және асистивті технологияларды қолдана отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға білім беруге қолдау көрсетуді үйренеді. Сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың психологиялық және этикалық әлауқатын қолдау үшін қауымдастықтармен (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтасады. Курс болашақ мұғалімдерді инклузивті білім беруде ерекше білім беру қажеттіліктері бар бар білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге бағытталған қажетті кәсіби құзыреттермен қамтамасыз етеді.

2.3. Құзыреттіліктер, оқу нәтижелері және бағалау критерийлері

Бұл курс педагогикалық құзыреттіліктің келесі бағыттарын дамытуға бағытталған:

- Педагогика және дидактика саласындағы құзыреттер;
- Кәсіби-коммуникативтік құзыреттілік.

Оқу нәтижелері	Критерийлер мен бағалар
Әр түрлі білім алушылар тобына қатысуға және оқуға әсер ететін жеке білім беру қажеттіліктерін анықтау	Жеке білім беру қажеттіліктерін білу
Оқушылардың оқуына қолдау көрсету және оларды білім беру үдерісіне тарту үшін АҚТ және асистивті технологияларды қолдану	АҚТ-ны кәсіби менгеру
Ынтымақтастық пен инклузивтілікке ықпал ететін құндылықтар мен тәсілдерді үйрету	Ынтымақтастық пен инклузияны оқыту дағдылары
Қауымдастықтардың (мұғалімдер, оқушылар, ата-аналар/қамқоршылар) ынтымақтастығын қолдау	Мұғалімдермен және ата-аналармен ынтымақтастық дағдылары
Өзінің педагогикалық құзыреттілігін бағалайды және кәсіби өсу мақсаттарын қояды	Кәсіби өсуді ілгерілету мақсатында өз қызметіне динамикалық мониторинг жүргізеді

2.4. Оқыту әдістері және жоспарланған оқу іс-шаралары, оқытуға жетекшілік ету

Оқытудың және үйретудің қолданыстағы әдістері:

1. Кіріспе және Теледөріс пәннің 1-3 теориялық дәрістерін қамтиды. Мұнда студенттер «Инклюзивті білім беру» пәннің теориялық және нормативтік-құқықтық негіздерімен танысады.
2. Проблемалық оқыту 4, 5, 6 дәрістерге бағытталған. Болашақ мұғалімдер педагогикалық проблемаларға тап болады және шешімдер табу үшін топтарда жұмыс істейді. Оқу үдерісінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар кездесетін қындықтарды шешу мақсатында студенттер қолдау бағдарламалары мен жоспарларын бейімдей алады.
3. Кейстің шешімі 8, 9, 10 дәрістерге бағытталған. Студенттер белгілі бір тақырыпты немесе мәселені зерттейді, терең түсінік қалыптастырады және әртүрлі білім алушылардың топтарымен байланысты нәтижелерді бөліседі және стратегиялар мен әдістемелерді терең зерттейді.
4. Жобалар негізінде оқыту 11, 12, 13 дәрістерде қарастырылған. Студенттер жоспарлаудан бастап іске асыруға дейінгі барлық кезеңдерді қоса алғанда, ұзак мерзімді жобалармен жұмыс істейді, білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті білім беру бағдарламаларын, жоспарларын, оқытудың вариативтік әдістерін жасау бойынша жобаларды өзірлең, жүргізе алады.
5. Дәріс-конференция 14-15 дәрістер бойынша өтеді. Бұл тәсіл студенттердің зерттелетін пәннің алдын-ала қойылған мәселесі (тақырыбы) бойынша сөйлеген сөздері тындалатын ғылыми-практикалық сабак болып табылады.

Студенттерге жетекшілік ұйымдастыру:

1. Инклюзивті білім беру пәні бойынша кері байланыс беру:

- А) Тұрақты консультациялар: Ілгерілеушілікті, мәселелерді және қындықтарды талқылау үшін жеке кездесулер өткізу.
- Б) Тапсырмалар бойынша кері байланыс: Инклюзивті ортаны ұйымдастырудың құзыреттілікті дамытуға бағытталған студенттер орындаған тапсырмалар бойынша сындарлы кері байланыс беру.
- В) Жеке қажеттіліктерді ескере отырып бағалау: Білім алушылардың әртүрлілігін және олардың ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге дайындығын ескеретін дербестендірілген бағалау.

2. Үнтимақтастық және тәжірибе алмасу:

- А) Топтық пікірталастар: Тәжірибе алмасу, педагогикалық жағдайларды шешу және бір-бірін қолдау үшін топтық талқылауларды ұйымдастыру.
- Б) Топтық жобалар: Идеялар мен үздік тәжірибелер алмасуға ықпал ететін жобаларды орындау кезінде үнтимақтастықты ынталандыру.

1. Оқу қағидалары:

- 1) Оқытууды даралау: Студенттердің жеке қажеттіліктеріне әдістер мен тәсілдерді бейімдеу.
- 2) Студенттерді ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуде инновациялық тәсілдерді зерттеуге және енгізуге ынталандыру.

2. Семинарлар:

1) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларының әртүрлі топтарымен жұмыстың практикалық аспектілерін талқылау үшін семинарлар өткізу;

2) Бейімделген оқыту дағдыларын дамытуға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен өзара әрекеттесуге арналған практикалық жаттығулар мен тренингтер;

3. Тесттер және білімді тексеру:

А) Теориялық және практикалық білімді түсінуді бағалау үшін онлайн-тестілерді өзірлеу.

Б) Кері байланыс: Дағдыларды жақсарту және оқу сапасын жақсарту үшін жүйелі түрде сындарлы кері байланыс беру.

4. Даму және өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау:

Дербестікті қолдау: Педагог білім алушылардың дербестігі мен бастамасын көтермелей отырып, олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды дамуы мен өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасайды.

2.5. Бағалау әдістері және бағалау үшін негіз

1. Формативті бағалау: Ағымдағы бағалау оқыту барысында білім алушы мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді, мықты жақтарын көрсете отырып және жақсарту үшін уақтылы кері байланыс жасауға мүмкіндік береді.

2. Өзін-өзі бағалау: Тапсырмалар өз жұмысын бағалауға, күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ жақсарту жоспарына бағытталған.

3. Өзара бағалау: Студенттердің жұмысын бақылау мен талдауға негізделген студенттер арасында тәжірибе алмасу мен кері байланысты ынталандыру.

4. Тесттер: Курстың теориялық бағыттарын игеруді тексеру үшін тұрақты тестілеу.

5. Жобалар мен практикалық тапсырмалар: Студенттер өзірлеген жобалар курсын мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді. Практикалық тапсырмалар ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

6. Емтихандар: Теориялық білімді бағалауға және негізгі ұғымдарды түсінуге арналған дәстүрлі емтихандар. Практикалық емтихандар емтихан шенберінде практикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Бағалау кезінде ашықтықты, әділдікті сақтау – бағалау критерийлері мен бағалау нәтижелерін түсіндіру.

Кері байланысты қалыптастыру: Студенттердің дамуын қолдау және олардың әртүрлілігін ескеру үшін тұрақты кері байланыс.

А) Оқытушы студенттердің алдына қойылған бағалау критерийлері мен үміттерін түсіндіреді және оқу мақсатын анықтайды.

Б) Сындарлы тапсырмаларды құру үшін мұғалім әр түрлі бағалау әдістерін қолданады, соның ішінде жобалар, практикалық тапсырмалар, тесттер және топтық талқылаулар.

В) Өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру арқылы мұғалім өзінің жетістіктері мен іргерілеушіліктерін бағалаудың құралдары мен әдістерін ұсына отырып, студенттердің өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

С) Өзара бағалауды ынталандыру – студенттер арасындағы өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты бағалау үшін топтық жобалар мен пікірталастарды ұйымдастыру арқылы студенттерді кері байланыс пен өзара бағалауға ынталандыруды қамтамасыз етеді.

2.6. Іске асырудың балама әдістері

Онлайн-дәрістер, семинарлар өткізу дің балама мүмкіндіктері;

- Оқу нәтижелерін, бағалау әдістері мен критерийлерін және емтихан нысандарын тіркеу (тест, жазбаша, ауызша, шығармашылық тапсырмалар);
- Лингвистикалық ерекшеліктерді қолдау – жазбаша материалды баяндау (студенттерге өздеріне ыңғайлы орыс немесе қазақ тілінде сөйлеуге мүмкіндік беру);
- Нақты тәжірибеден мысалдар келтіру (өз қалауы бойынша тақырыптарды немесе қызмет түрлерін тандау);
- Материалдардың болуы және кері байланыс (барлық материалдар университеттің электронды жүйесіне жүктелген). Бағдарламада оқытушының байланыс деректері көрсетілген;
- Үй тапсырмасын орындау мерзімдерін есепке алу мүмкіндігі;
- Курсты нақты қажеттіліктерге бейімдеу үшін жеке кеңес беру;
- ҚазҰПУ академиялық саясатына сәйкес оқу пәндері мен оқу қарқынын тандау мүмкіндігі;
- Жеке жобаларды әзірлеу;
- Емтихан нәтижелеріне және студенттің практикалық салада білімді қолдану қабілетіне негізделген бағалау;
- Студенттердің кәсіби дамуын қолдайтын орта құра отырып, олардың жеке ерекшеліктерін ескеру.

2.7. Оқу тапсырмалары және студенттердің жұмыс жүктемесі

Жұмыс жүктемесі:

- 1) Дәрістер мен семинарлар: аптасына 3-4 сағат.
- 2) Теориялық эсселер мен жобалар: аптасына 2-ден 4 сағатқа дейін.
- 3) Практикалық тапсырмалар: аптасына 1 сағат.
- 4) Әдебиеттерді өз бетінше зерттеу және талдау: аптасына 2-3 сағаттан.

Жалпы жұмыс жүктемесі курстың құрылымына, оның мақсаттары мен талаптарына байланысты өзгеруі мүмкін. Тапсырмалар инклюзивті білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешуде студенттердің теориялық білімін, практикалық дағдылары мен дербестігін дамытуға бағытталған.

1. Дәрістер мен семинарлар:
 - Пәннің силлабусына сәйкес дәрістер мен семинарларға қатысу;
 - Қосымша әдебиеттерді оқу және талқылауга дайындық.
2. Инклузивті ортада оқытуудың негізгі тұжырымдамалары мен әдістері туралы эссе жазу. Инклузивті білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талдау және талқылау.
3. Инклузивті білім беру бойынша жеке және топтық жобаларды шешуге арналған практикалық тапсырмалар.
4. Білім беру үйымдарындағы педагогикалық жағдайларға байланысты шағын кейстерді талдау және шешу.
5. Білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерімен жұмыс істеу үшін ұсынымдар мен стратегияларды әзірлеу.

Бағалау әдістері: Kahoot, викториналар сияқты сандық қуралдарды қолдана отырып, оқушыларды бағалау.

Курстың мазмұнына және болжамды нәтижелерге, студенттердің танымдық және жеке даму деңгейіне сәйкес әр түрлі оқу міндеттерін құрып, оларды шешуді үйымдастыру қажет (жеке немесе топтық түрде).

Курс барысында білім алушылардың жеке, мета-пәндік және пәндік құзыреттіліктерін бағалау мақсатында оқу-танымдық және оқу-практикалық тапсырмалар жасалады.

Оқу-танымдық міндеттері:

- Жүйелік білімді дамытуға ықпал ететін дағдылар мен машиқтарды қалыптастыру және бағалау;
- Рефлексия дағдысын қалыптастыру және бағалау.

Оқу-практикалық тапсырмалар:

- Әртүрлі жағдайларда шешім қабылдауды талап ететін проблемаларды/проблемалық жағдайларды шешу дағдысын дамыту және бағалау және т. б.;
- Рөлдерді/функцияларды бөлу және түпкілікті нәтиже үшін жауапкершілікті бөлу арқылы жұптарда немесе топтарда бірлесіп жұмыс істеуді талап ететін ынтымақтастық дағдыларын дамыту және бағалау;
- берілген параметрлермен жазбаша немесе ауызша мәтін/мәлімдеме жасауды талап ететін коммуникативті дағдыларды қалыптастыру және бағалау: коммуникативті тапсырма, тақырып, көлем, формат (мысалы, хабарлама, түсініктеме, түсініктеме, үндеу, нұсқаулық, мәтін-сипаттама немесе мәтін-

пайымдау, гипотезаны тұжырымдау және негіздеу, ауызша немесе жазбаша қорытынды, есеп, бағалау пікірі, дәлелді пікір және т.б.).

№ СӨЖ атауы Тапсырманы орындау кезеңдері және Тапсырманы орындау үшін қажетті уақыт. Инклузивті білім беру ортасының теориялық негіздері

1. Тақырып бойынша эссе жазу

Эссе – бұл автор қандай да бір себеп немесе мәселе бойынша жеке әсерлері мен ойларын білдіретін қысқа, еркін эссе. Жазушы мәселені толық баяндауға талпынбастан, мәтінде тек бір сұраққа (тақырыпқа, мәселеге) көзқарасын білдіреді.

Жоспарлау (1-2 сағат):

- Эссенің тақырыбы мен мақсатын анықтау.
- Кіріспе, Негізгі бөлім және Қорытындымен эссе жоспарын жазу.
- Дәлелдерді негіздеу үшін қажетті ақпаратты жинау және талдау.

Кіріспе жазу (1-2 сағат):

- Тақырыптың маңыздылығын негіздейтін тезисі бар кіріспе абзацты тұжырымдау.

Негізгі бөлімді жазу (2-3 сағат):

- Дәлелдердің і жоспарға сәйкес дамытының және кеңейтініз.
- Әр дәлелді мысалдармен, дәйектермен немесе статистикамен күшейтініз.
- Негізгі бөлікті нақты логикалық дәйектілікпен абзацтарға құрылымдау.

Қорытынды жазу (30 минут - 1 сағат):

- Негізгі тезистерді қорытындылау және қайталау.
- Жалпыланған тұжырымдарды түйіндеу.

Нақтылау және редакциялау (1-2 сағат):

- Орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық қателерді тексеру және түзету.
- Дәлелдердің құрылымы мен логикасын қайта қарау және жетілдіру.
- Ақпарат көздеріне сілтемелер мен сілтемелерді тексеру.

2. Мәтіндік тапсырмалар (әдебиеттерді оқу).

Мәтінді оқу және түсіну (2-3 сағат):

- Мазмұны мен негізгі идеяларын толық түсіну үшін мәтінді мұқият оқып шығыңыз.

- Тапсырмаларға негіз бола алатын басты ойларды, терминдер мен ұғымдарды бөліп көрсету.

Сұрақтар мен жауаптар құрастыру (2 сағат):

- Мәтіннің негізгі ойларына негізделген сұрақтарды тұжырымдаңыз.

- Әр сұраққа жауап нұсқаларын дайындау (дұрыс жауап немесе корреляция таңдалған жағдайда).

Тексеру және түзету (1-2 сағат):

- Мәтін мазмұнына сәйкес келетін сұрақтар мен жауаптардың дұрыстығын тексеру.

3. Қысқа мерзімді жоспар. Сабактың тақырыбына, мақсатына сәйкес тапсырмалар құрастыру, оның критерийлерін анықтау және тапсырмаларға дескрипторлар әзірлеу; білім алушылардың белсенділігі мен шығармашылығын арттыратын формативті/жиынтық (бөлімдер бойынша) бағалаудың әдістері мен құралдарын (цифрлық құралдарды) таңдау.

Сабактың тақырыбы мен мақсатын талдау (1-2 сағат):

- Сабактың негізгі тақырыбын және оның мақсаттарын түсіну.

- Егер қажет болса, оқу жоспары мен стандарттарын зерттеу.

- Тапсырмалармен қамтылуы керек негізгі ұғымдар мен негізгі ойларды анықтау.

Тапсырмалар (2-3 сағат):

- Сабактың тақырыбы мен мақсатына сәйкес келетін әр түрлі тапсырмаларды (тесттер, эсселер, практикалық тапсырмалар және т.б.) жасау.

- Тапсырманың әр түрі үшін бағалау критерийлерін нақтылау.

Әдістер мен құралдарды таңдау (2-3 сағат):

- Тапсырмаларды орындауға қолайлы әдістерді таңдау (жеке жұмыс, топтық жұмыс, талқылау және т.б.).

- Тапсырмаларды орындау үшін қажетті құралдарды анықтау (компьютерлер, презентациялар, баспа материалдары және т.б.).

Сабак өткізу және нәтижелерді бағалау (сабак уақыты + бағалау уақыты):

- Тапсырмалар мен әдістерді қолдана отырып сабак өткізу;

- Критерийлер мен дескрипторларды қолдана отырып, оқушылардың тапсырмаларды орындауды бағалау;
- Нәтижелерді талдау және студенттерге көрі байланыс дайындау.

4. Жоба әдісі жобалау жұмыстарын бағалау (3-4 сағат)

Жобалардағы ақпаратты бағалау:

1. Тұастық (мазмұнды-тақырыптық, мәнерлік, тілдік);
2. Байланыс (логикалық, формальды-лингвистикалық);
3. Құрылымдық реттілік;
4. Толықтығы (мазмұндық);
5. Өзіндік ерекшелігі (мазмұнды, бейнелі, мәнерлі).

Тек мәтін түрінде ұсынылған жобаларды бағалау

1. Жалпы бағалау:

- Тақырыпқа сәйкестік;
- Тақырыпты ашудың тереңдігі мен толықтығы;
- Бастапқы көздерді берудің жеткіліктілігі;
- Логика және байланыс;
- Дәлел;
- Құрылымдық реттілік (кіріспенің, негізгі бөліктің, қорытындының болуы, олардың оңтайлы қатынасы);
- Дизайн (жоспар, әдебиеттер тізімі, дәйексөз мәдениеті, ескертулер және т. б.);

2. Кіріспені бағалау:

- тақырыпты таңдау негізdemесінің болуы, оның өзектілігі;
- жұмыстың тұжырымдалған мақсаттары мен міндеттері;
- бастапқы көздердің қысқаша сипаттамасының болуы.

3. Негізгі бөлімді бағалау:

- материалды бөлімдер, параграфтар, абзацтар бойынша құрылымдау;
- мәтін бөліктеріне тақырыптардың болуы және олардың сәттілігі;
- материалды ұсынудағы проблемалық және жан-жақтылық;
- мәтіндегі негізгі ұғымдарды, терминдерді бөліп көрсету оларды түсіндіру;

- теориялық ережелерді суреттейтін мысалдардың болуы.

4. Қорытындыны бағалау:

- талдау нәтижелері бойынша қорытындылардың болуы;
- мәселе бойынша өз пікірін білдіру.

5. Салыстырмалы талдау жүргізу (талдамалау)

Деректерді дайындау және жинау (2-4 сағат):

- Салыстырмалы талдаудың мақсаттары мен міндеттерін анықтау.
- Нәтижелерді бағалау және салыстырылатын объектінің даму үрдістерін анықтау.
- Нәтижелерді жақсартуға ықпал ететін немесе кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтаңыз.

Деректерді визуализациялау және талдауды дайындау (2 сағат):

- Нәтижелер мен үрдістерді визуализациялау үшін графиктер, диаграммалар және басқа визуалды элементтер жасау.
- Білім беру жүйесін жетілдіру бойынша қорытындылар мен ұсынымдар дайындау.

6. Шағын (топтық) кейстерді шешу

Кейстерді құрудың негізгі кезеңдері (3-4 сағат):

1. Кейстің дидактикалық мақсаттарын қалыптастыру. Бұл кезең оқу пәнінің құрылымындағы істің орнын анықтайды, осы жағдайға арналған пәннің бөлімін анықтайды; мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдайды; студенттердің білімі, іскерлігі мен дағдылары үшін «жауапкершілік аймағын» анықтауды қамтиды.
2. Проблемалық жағдайды анықтау.
3. Мәтінде жүзеге асырылуы керек негізгі тезистерден тұратын корпустың бағдарламалық картасын құру.
4. Кейстің бағдарламалық картасының тезистеріне қатысты ақпарат жинау.
5. Әрекетті көрсететін жағдайдың моделін құру немесе тандау және оның шындыққа сәйкестігін тексеру.
6. Кейс жанрын тандау.
7. Кейстің мәтінін жазу.

8. Кейстің дұрыстығы мен тиімділігін диагностикалау; осы кейстің тиімділігін анықтау үшін қандай да бір сызба бойынша құрылған әдістемелік оқу экспериментін жүргізу.

9. Кейстің соңғы нұсқасын дайындау.

10. Кейсті оқыту практикасына енгізу, оны оқу сабактарын өткізу кезінде қолдану, сондай-ақ оны оқытушылар қауымдастырында тарату мақсатында жариялау.

11. Кейсті пайдалану бойынша әдістемелік ұсынымдар дайындау:

2.8. Білім берудің инклузивті жағдайларын қамтамасыз ету

- 1) Инклузивті оқытудың табысты тәжірибесін сипаттайтын әдебиеттерге шолу;
- 2) Білім беру ұйымдарындағы инклузивті білім беру ортасының негізгі ұғымдары мен санаттары;
- 3) Білім беру ұйымдарында инклузивті білім беру ортасын құрудың нормативтік-құқықтық аспектілері;
- 4) Инклузивті білім беру ортасын құру жөніндегі мамандар қызметінің мазмұны;
- 5) Инклузивті сыныптар мен оқу орындарындағы жұмыс тәжірибесі;
- 6) Сабактарды әртүрлі білім алушылардың қажеттіліктеріне сай әзірлеу және өткізу;
- 7) Инклузивті әдістерді талдауды қамтитын жобалар мен рефераттарды бағалау.

3. Отпелі тақырыптар және пәнаралық байланыс

3.1. ББ-дағы отпелі тақырыптарды іске асыру

- Дәрістер мен семинарлар: Инклузивті білім беруді дамыту теорияларын және білім беру ортасындағы өзгерістерді басқару стратегияларын зерттеу.
- Табысты кәсіби даму мен өзгерістерді енгізудің практикалық жағдайларын қарастыру.
- Жобалар мен кейс-әдістер: Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігіне және инновацияларды енгізуге бағытталған жобалармен жұмыс. Кәсіптік өсудің нақты жағдайлары және білім беру мекемелеріндегі өзгерістер бойынша кейстерді талдау. Цифрлық құралдарды қолдануды қамтитын сабактарды әзірлеу және енгізу.
- Оқыту технологияларын қолдана отырып оқытудың инновациялық әдістерін зерттеу.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін ескеретін цифрлық білім беру жобаларын әзірлеу.

- Зерттеу әдістері: Ғылыми әдіс негіздерін оқыту және педагогикалық зерттеулер жүргізу. Жеке зерттеу жобаларын жүргізу.

3.2. Пәнаралық байланыс

Инклюзивті білім берудің пәні балалардың жас ерекшеліктері мен физиологиялық дамуы, оқыту әдістері мен технологиялары, ғылыми зерттеулер, әзірлемелер мен инновациялар, невропатология негіздері, психология, арнайы психология, арнайы педагогика, дифференциалды диагностика бойынша практикумдар, мектеп жасындағы балалармен, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жүйесі болып табылады. Модульдегі байланыстар:

- 1) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке қажеттіліктерін тереңірек түсіну үшін даму психологиясымен өзара әрекеттесу.
- 2) Әртүрлі ерекшеліктері бар балаларды оқыту үшін бейімделген оқу материалдары мен әдістемелерін жасау бойынша тәжірибе алмасу. Бірлескен практикалық сабактар және инклюзивті оқыту үшін оқу жоспарларын әзірлеу.
- 3) Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс кезінде психологиялық-педагогикалық сұйемелдеу мамандарының өзара іс-қымылы бойынша тәжірибе алмасу. Білім алушылардың әлеуметтік интеграциясына бағытталған бірлескен жобалар.
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің зерттеушілік ойлауын қолдайтын педагогикалық тәсілдерді қолдану.
- 4) Шығармашылық ойлауды және проблемаларды шешуді ынталандыратын жобалармен жұмыс.
- 5) Ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік интеграциясына ықпал ететін коммуникативтік әдістерді игеру.
- 6) Әрбір білім алушының ерекшеліктеріне бейімделген тілдік оқытуды қолдау үшін цифрлық технологияларды пайдалану.

4. Әдебиеттер және ресурстар

4.1. Негізгі әдебиеттер

1. А. Т. Исқакова, З. А. Мовкебаева, г. Закаева, А. Б. Айтбаева, А. А. Байтұрсынова инклюзивті білім беру негіздері: Оқу құралы. - Алматы: "Балауса" ТК-2016. -320 б.
2. Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету / Елисеева И.Г., Анизарина А. К. - Алматы: ТП ҰФПО, 2019.- 92 б.
3. Мовкебаева З. А. М64 Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім: мәселелері мен болашағы. - Монография. - Алматы, 2019.-190 б.

4.2. Қосымша әдебиеттер

1. Елисеева И. Г. "жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу-тәрбие процесін Дарапай: әдістемелік ұсынымдар", 2021 ж

2. Мовкебаева З.А., Денисова И. А., Оралканова И. А., Жақыпова Д. С. педагогтарды инклюзивті білім беруді енгізуге дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.- Алматы, 2013.-165 б.
3. "Инклюзивті білім беру жүйесіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың қызметін ұйымдастыру", Аниварина А. К., 2020.-38 б.
4. Білім беру ұйымдарында инклюзивті білім беру ортасын құру : жалпы білім беру ұйымдарының басшы және педагог қызметкерлеріне арналған әдістемелік ұсыныстар / ред. С. В. Алексина, Е. В. Самсонова. – М.: МГППУ, 2022. – 151 б.
5. Мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар.- Астана: Алтынсарин КЕАҚ, 2015. - 51 б.

4.3. Өзге ресурстар

<http://www.edu.gov.kz/ru> - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайты.

<http://www.special-edu.kz/> - «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың үлттық-ғылыми-практикалық орталығы» сайт

<https://uba.edu.kz/ru> \ Ы. Алтынсарина НАО

<https://special-edu.kz/news/85/single/366>

<https://special-edu.kz/news/87/single/128>

ОР бар балаларға арналған типтік оқу бағдарламалары

<https://special-edu.kz/news/88/single/375>

5. Қосымша ақпарат

5.1. Қосымша ақпарат

Электрондық кітапхана [special-edu.kz/](http://www.special-edu.kz/)

<https://special-edu.kz/news/86/single/812>

6. Курс саясаты

6.1. Курс саясаты

Студент университеттің келесі ішкі құжаттарының талаптарын қатаң сақтауы керек:

1. Академиялық саясат;
2. Академиялық адалдық ережелері;
3. Студенттің ар-намыс кодексі;
4. ЖОО-ның ішкі ережелері;
5. Студенттің ішкі тәртіп ережелері;
6. Қарыз алу көлеміне жазбаша жұмыстарды тексеруді жүргізу қағидалары мен тәртібі.

- Эрбір орындалмаған тапсырма үшін студент "0" балл алады, сабакта болмағаны үшін студент «бж» (болған жоқ) белгісін алады. Студенттің сабакқа 15 минуттан артық кешігіүі кезінде студентке «бж» электронды журналына қойылады.
- Сабак барысында телефонды немесе басқа құрылғыларды силлабуста көрсетілгеннен басқа жағдайларда (мысалы, электрондық ресурстар арқылы сауалнама жүргізу немесе бағалау үшін) пайдалануға тыйым салынады. Аралық бақылау немесе емтихан өткізу кезінде телефондар, электрондық гаджеттер, шпаргалкалар тартып алынады.
- Барлық студенттік жұмыстар (СӨЖ, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау жұмыстары) қарыз алу көлеміне жүйемен тексеріледі. Егер мәтіннің/жұмыстың бірегейлігі коэффициенті белгіленген шекті деңгейден төмен болса) - жұмыс қабылданбайды.
- Пән саясатын бір рет бұзған жағдайда білім алушы оқытуышыдан ауызша ескерту алады, пән саясатын жүйелі түрде бұзған кезде оқытушы кафедра менгерушісіне баяндайды.
- Сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған, үшінші тұлғалар тарапынан оқытушыға қысым жасалған жағдайда оқытушы комплаенс-офицерге қызметтік жазбаны бастау үшін кафедра менгерушісіне баяндайды.

6.2. Бағалау және аттестаттау саясаты

Білім алушының оқу жетістіктері әр сабак түрі бойынша апта сайын (академиялық саясатқа сәйкес) жеке 100 балдық шекіл бойынша бағаланады.

Бағалау саясаты объективтілік, ашықтық, икемділік және жоғары саралау қағидаларына негізделеді. Пәнді оқу әртүрлі формадағы емтиханмен (жазбаша немесе ауызша емтихан, тестілеу, жобаны қорғау) аяқталады. Бағдарламада көзделген барлық тапсырмаларды орындау - емтиханға өтудің міндетті шарты. Қазіргі және аралық бақылау формалары, емтихан тапсыру формасы оқытушы айқындайды және әдістемелік секция қаралғаннан және ұсынылғаннан кейін кафедра отырысында бекітіледі. Ауызша және жазбаша тапсырмалар/емтихандар 1-қосымшаға сәйкес 0-100 баллмен бағаланады. Тапсырмалардың (жоба, сурет, презентация, топтық жоба және т. б.) басқа түрлері тапсырманың ерекшелігіне сәйкес жасалған критерийлер бойынша бағаланады.

Қосымша 1. Ауызша және жазбаша тапсырмаларды бағалау критерийлері

Бага	Критерий
A 95-100	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілген, ұғымдармен еркін жұмыс жасауда, оның маңызды және маңызды емес белгілерін, себеп-салдарлық байланыстарын ажыратса білуде көрінетін объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетілген. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде

	баяндалған, қисынды, дәлелді, білім алушылардың авторлық ұстанымын көрсетеді.
A- 90-94	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, объект туралы саналы білімнің жиынтығы көрсетіледі, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылады; жауапта ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін нақты құрылым, логикалық реттілік байқалады. Объект туралы білім оны осы ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыстарда түсіну аясында көрсетіледі. Жауап академиялық тілде берілген. Жауап беру процесінде білім алушылардың өз бетінше түзетілген ұғымдарды анықтауда кемшіліктер жіберілуі мүмкін.
B+ 85-89	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, тақырыптың негізгі ережелері дәлелді түрде ашылды және жауапта нақты құрылымы көрінеді, ашылатын ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін көрсететін логикалық реттілік байқалады. Жауап академиялық тілде берілген. Жауапта оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер жіберілді.
B 80-84	Қойылған сұраққа толық, егжей-тегжейлі жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, қисынды, академиялық тілде баяндалған. Оқытушының көмегімен білім алушыға түзетілген кемшіліктер немесе елеусіз қателіктер жіберілуі мүмкін.
B- 75-79	Қойылған сұраққа толық жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерді, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілді. Жауап нақты құрылымдалған, логикалық, ғылым терминдерін қолдану арқылы берілген. Алайда білім алушыға жетекші сұрақтар арқылы түзетілген кішігірім қателіктер немесе кемшіліктер жіберілді.
C+ 70-74	Қойылған сұраққа толық, бірақ жеткіліксіз дәйекті жауап берілген, бірақ сонымен бірге маңызды және маңызды емес белгілер мен себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсету мүмкіндігі көрсетілген. Жауап логикалық және ғылыми терминдерді қолдану арқылы берілген. Білім алушы өз бетінше түзетуі қын болған негізгі ұғымдарды анықтауда 1-2 қате жіберуі мүмкін.
C 65-69	Толық әрі ашық емес жауап берілген. Презентацияның логикасы мен дәйектілігі бұзушылықтарға ие. Ұғымдарды ашуда, терминдерді қолдануда қателіктер жіберілді. Білім алушы елеулі және елеусіз белгілерді және себеп-салдарлық байланыстарды дербес ажыратса алмайды. Білім алушы жалпыланған білімді мысалдармен олардың негізгі ережелерін тек оқытушының көмегімен дәлелдей отырып нақтылай алады. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгертулерді қажет етеді.
C- 60-64	Толық емес жауап берілген, логика және презентация дәйектілігі айтарлықтай бұзушылықтарға ие. Студенттердің олардың маңызды және маңызды емес белгілері мен байланыстарын түсінбеуіне байланысты ашылған ұғымдардың, теориялардың, құбылыстардың мәнін анықтауда өрескел қателіктер жіберілді. Жауапта тұжырымдар жоқ. Жалпыланған білімнің нақты көріністерін ашу мүмкіндігі көрсетілмеген. Сөйлеу әдеті түзетулерді, өзгерістерді қажет етеді.
D+ 60-64	Толық емес жауап берілді. Презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушыға дәлелдеу қын. Терминдердің, ұғымдардың анықтамаларындағы, фактілерді,

55-59	құбылыстарды сипаттауда елеулі қателіктер көп. Жауапта тұжырымдар жоқ. Білім алушы оқытушының нұсқауынан кейін ғана білім арасындағы байланыстың бар екенін түсіне бастайды.
D 50-54	Анықтамалардағы елеулі қателіктер кеткен сұрақ тақырыбы бойынша шашыраңқы біліммен көрсетілген толық емес жауап берілген. Фрагментация, презентацияның қисынсыздығы бар. Білім алушы осы ұғымның, теорияның, құбылыстың модульдің (пәннің) басқа объектілерімен байланысын білмейді. Тұжырымның қорытындылары, нақтылануы және дәлелдемесі жоқ. Оқытушының қосымша және нақтылау сұрақтары білім алушының қойылған сұраққа ғана емес, сонымен қатар модульдің (пәннің) басқа сұрақтарына жауабын түзетуге әкелмейді.
FX 0-49	Қанағаттанарлық бағаға алғанға дейін қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.
F	Бағдарламада көзделген негізгі материалды білудегі олқылықтар анықталды, модуль (пән) бағдарламасының жартысынан көбін игермеді, жауаптарда түбекейлі қателіктер жіберді, қазіргі, аралық және қорытынды бақылау формаларында көзделген жекелеген тапсырмаларды орындалады, бағдарламада көзделген барлық негізгі әдебиеттерді пысықтамады.

Қосымша 2. Курс құрылымы

Апта/ күн	Сабактың түрі (дәріс, практикалық сабак, ОСӨЖ/СӨЖ)	Сағат саны
1	Дәріс 1. Инклузивті білім беру ортасының теориялық негіздері	
	Практикалық сабак 1. Инклузивті білім берудің тұжырымдамасы мен негізгі қағидалары	
	СӨЖ 1. Инклузивті білім берудің әдіснамалық негізі ретінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың білім беру үдерісін ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық моделі	
	ОСӨЖ – топтық презентациялар	
2	Дәріс 2. Инклузивті білім берудің даму тарихы	
	Практикалық сабак 2. Инклузивті білім берудің даму тарихы	
3	Дәріс 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды мемлекеттік қолдау жүйесі	
	Практикалық сабак 3. Қазақстан Республикасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау	
4	Дәріс 4. Инклузивті білім беру ортасы	
	Практикалық сабак 4. Барлығына арналған мектепті дамыту:	

	<p>1. Инклюзивті мектеп қауымдастырын құру;</p> <p>2. Мектептегі инклюзивті мәдениет пен тәжірибелі сапасын бағалау.</p>	
	СӨЖ 2. «Мектептің барлық оқушылары үшін қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз ету – Виртуалды ақпарат іздеу (интернет және жергілікті жөлі арқылы) және жұмыс жоспарын әзірлеу»	
	ОСӨЖ – топтық жобалар	
5	<p>Дәріс 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері</p> <p>Практикалық сабак 5. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар санаты</p>	
6	<p>Дәріс 6. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау</p> <p>Практикалық сабак 6. Сабакта оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау мақсатында педагогикалық қолдау</p> <p>СӨЖ 3. Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтау бойынша ата-аналарға арналған ұсыныстармен жадынама дайындау</p>	
	ОСӨЖ	
7	<p>Дәріс 7. Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері</p> <p>Практикалық сабак 7. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға арналған арнайы жағдайлар</p>	
8	<p>Дәріс 8. Өмірлік күрделі жағдайдағы (әлеуметтік, психологиялық, экономикалық, лингвистикалық және т. б. проблемалар) балаларды инклюзивті білім беру тәсілдерімен оқыту</p> <p>Практикалық сабак 8. Өмірлік күрделі жағдайға тап болған оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу</p> <p>СӨЖ 4. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу (мамандардың қызметінің мазмұнын, лауазымдық міндеттерін талдау – баланың санатын еркін таңдау арқылы)</p>	
	ОСӨЖ – топтық жобалар	
9-10	<p>Дәріс 9-10 Оқуда қыындықтары бар (дислексия, дисграфия, дискалькулия) оқушыларға инклюзивті білім беру жағдайында педагогикалық қолдау көрсету</p> <p>Практикалық сабак 9-10. Жазу, оқу және санау қабілеті бұзылған оқушының сабағына кешенді қолдау көрсету – «Интеллект- карта» дайындау</p>	
11	<p>Дәріс 11. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды деңгейлік педагогикалық қолдау</p> <p>Практикалық сабак 11. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды педагогикалық қолдау деңгейлері</p>	

	СӨЖ 5. «Білім беру үйымының тәрбие жұмысы жүйесіндегі инклюзивті білім беру ортасының рөлі», «Ата-аналардың инклюзивті білім беру ортасын құруға қатысуы» жобаларын дайындау	
	ОСӨЖ – топтық жобалар	
11	Дәріс 12. Инклюзивті білім беру жағдайында оқытууды жобалау Практикалық сабак 12. Оқушылардың сыныптағы қажеттіліктерін ескере отырып, педагогикалық үдерісті жоспарлау	
13	Дәріс 13. Инклюзивті білім беру ортасында сабакты жоспарлау Практикалық сабак 13. Оқушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, сыныпта сабактың мақсаттарын айқындау СӨЖ 6. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім беру траекториясын жоспарлау	
	ОСӨЖ – топтық презентациялар	
14	Дәріс 14. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған оқу материалдарын бейімдеу Практикалық сабак 14. Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту технологиялары	
15	Дәріс 15. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау Практикалық сабак 15. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау әдістері СӨЖ 7. «Инклюзивті білім беру ортасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытууды ұйымдастыру» жобасы (әр санат бойынша).	
	ОСӨЖ – топтық жобалар	
	Барлығы	90